

## Елді мекендердің жерлеріне салынатын базалық салық ставкалары туралы

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 2009 жылғы 19 ақпандағы № 19-131-IV шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 16 наурызда № 14-7-74 тіркелді. Күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 2013 жылғы 29 наурыздағы № 15-90-V шешімімен)

**Ескерту. Күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 29.03.2013 № 15-90-V шешімімен).**

"Салық және бюджетке төленетін міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 387 бабының 1-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына сәйкес аудандық мәслихат  
**Ш Е Ш Т І :**

1. Салық кодексінің 378, 379, 381, 383-баптарында белгіленген автотұраққа, паркингке, автомобильге май құю станцияларына бөлінген (бөліп шығарылған) және казино орналасқан жерлерді қоспағанда жер салығының базалық ставкалары 50 процентке жоғарылатылсын.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 2009.12.24 N 27-200-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2010.12.22 N 40-269-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімдерімен.**

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы: С. Мелдеханов*

*Аудандық мәслихаттың хатшысы: Ж. Әбдәзімов*